

## Элективті пәндер каталогы

**7M01 - Педагогикалық ғылымдар**

(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**7M017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау**

(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0114**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**M017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау**

(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті**

(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**Магистр**

(дайындық деңгейі)

**Оқуға түскен жылы 2023 жыл**

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті

АК жетекшісі Кадыров А.К.

БББ менеджері Муканова К.К.

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Филология факультетінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының отырысында

Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды

Хаттама №4.1 "06" сәуір 2023 ж.

Комиссия төрағасы Кеңесбаева Ш. С.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Академиялық кеңесінің отырысында

2023 жылғы "21" сәуірінде № 5 хаттама

Академиялық кеңестөрағасы Оралканова И.А.

## Қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үдерістер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақ тіліндегі тіл дамуындағы соңғы жылдардағы тіл дамуының динамикасын, динамикалық үдерістердің коммуникативті-прагматикалық сипатын игертеді. 20ғ. 80-90 жылдарындағы тіліміздің стилистикалық динамизімін саралай түсіндіреді. Термин жасау үдерісі, терминография, лексикадағы жүйелі үдерістерді нақтылай отырып меңгерту. Лексикалық топты идеологиясыздандыру, саясаттандыру, метофоризациялау- әлеуметтік-саяси жағдайлардың бағасын беретін құрал екендігін игертеді. Аталым теориясы, тілдік семантика, функционалды грамматика, функционалды синтаксис мәселелерін салыстыру арқылы тәжірибеден өткізеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

XX ғасырдың екінші жартысы мен қазіргі кездегі қазақ тіліндегі жаңа тенденциялар мен қазақ тіліндегі динамикалық үдерістердің коммуникативті- прагматикалық сипаты мен XX ғасырдың 80-90 жылдарындағы тілдің стилистикалық ерекшеліктері жайлы мағлұматтар беру

### Оқыту нәтижелері

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

ON8 Филологиялық білім ретінде сөз өнерінің өзіндік мазмұны мен оны көрсететін пішіндердің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгеру.

ON9 Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастардың теориялық мәселелерін, заңдылықтарын игеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үдерістер туралы өз ойын ғылыми негіздеп, жүйелі жеткізе алады, үрдістердегі жаңашылықтың мәнін ұғынады

### Пререквизиттер

Ғылым тарихы мен философиясы

### Постреквизиттер

Когнитивті лингвистика Психолингвистика

## Тіл біліміндегі жаңа бағыттар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазіргі таңдағы әлемдік және отандық тіл білімінің дамуын антропоцентристік лингвистикалық зерттеулер тұрғысынан талдауға үйретеді. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы лингвистикадағы бағыттар жайлы мағлұматтар беру. Лингвогносология, этнолингвистика, психолингвистика, әлеуметтіклингвистика, лингвомәдениеттану, паралингвистика, прагмалингвистика бағыттары бойынша талдауға үйрету. Адами қарым-қатынасқа тіл білімі, психологиялық зерттеу жүргізу тәсілдерін салыстыру. Әлемдік, отандық тіл ғылымдары дамуындағы тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, меңгереді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік талдауға көшуімен сипатталатындығы жайлы мағлұмат беріп, XX ғасыр мен XXI ғасыр басындағы лингвистикадағы басым бағыттардың ерекшеліктерін талдау

### Оқыту нәтижелері

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

ON8 Филологиялық білім ретінде сөз өнерінің өзіндік мазмұны мен оны көрсететін пішіндердің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгеру.

ON9 Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастардың теориялық мәселелерін, заңдылықтарын игеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша зерттеу ұстанымдары мен олардың пайда болуының алғышарттарын біледі.

Жаңа бағыттар бойынша зерттеудегі жаңашыл әдістер мен тәсілдер аясында алған білімін тәжірибе жүзінде қолдануға дағдыланады.

### Пререквизиттер

Ғылым тарихы мен философиясы

### Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

## Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар туралы мәлімет алады. Жалпы лингвистиканың негізгі ғылыми парадигмаларының ғылыми концептуалды- терминологиялық аппаратын, әртүрлі ағымдардың, бағыттардың және мектептердің негізгі идеяларымен танысады. Парадигматикалық білімдердің қалыптасуындағы әртүрлі кезеңдердегі ғылыми теорияны меңгереді.

Лингвистикалық бағыттар мен мектептердің ғылыми парадигмалары, ұстанымдары және постулаттарының онтологиялық және эпистемологиялық негіздеріне сыни талдау жасауға машықтанады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Лингвистикадағы ағымдар мен көзқарастар туралы толық ғылыми ақпараттар мен олардың зерттеу ұстанымдары мен ғылыми – теориялық мәселелері талдау, ғылыми концепциялары айқындау, нақты түсінік пен білім қалыптастыру. Оның бұдан былайғы даму бағыттары, тенденцияларын сараптау, қазіргі қазақ тіл ғылымының алдында тұрған міндеттер, өзекті мәселелерді қарастыру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

ON8 Филологиялық білім ретінде сөз өнерінің өзіндік мазмұны мен оны көрсететін пішіндердің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгеру.

ON9 Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастардың теориялық мәселелерін, заңдылықтарын игеру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Тіл білімі ғылымындағы жаңашыл ағымдар мен көзқарастар туралы білім қалыптастырады. Терминологиялық аппаратты қолдана отырып, материалдың мазмұнын түсінеді.

#### **Пререквизиттер**

Ғылым тарихы мен философиясы

#### **Постреквизиттер**

Зерттеу практикасы Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми- зерттеу жұмысы I

### **Жоғары мектепте көркем шығарманы ғылыми талдау**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс жоғары оқу орындарында көркем шығарманы талдаудың тиімді жолдарын меңгертеді, мәтін талдаудың тиімді тәсілдері мен әдебиеттің теориялық ұғымдарын білім алушылардың өзіндік жұмыс жасауы арқылы меңгеруге баулытады. Көркем мәтіннің рухани-эстетикалық мәнін шығарманың рухани- эстетикалық мәнін түсіндіреді. Көркем шығарманы талдау кезінде бақылау, топтау, салыстыру, тұжырымдау, диагностикалық сауалнама, суреттеу, жинақтау, саралау әдістерін терең меңгертеді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Көркем туындыға ғылыми талдау жасаудың негізгі ұғымдары, әдістері туралы білім мен оны тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру

#### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

ON8 Филологиялық білім ретінде сөз өнерінің өзіндік мазмұны мен оны көрсететін пішіндердің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгеру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Көркем шығарманы талдаудың ғылыми принциптерін игеріп, оны зерттеуге қажетті білім алады. Мәліметтерді теориялық тұрғыдан дәлелдеп, қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай алады.

#### **Пререквизиттер**

Бакалавриат

#### **Постреквизиттер**

Әуезов және әдебиеттану мәселелері

### **Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс барысында қазақ әдебиеттану ғылымы, дәуірлеу кезеңдері, бүгінгі әдебиеттану мәселелері талданып, ақын- жазушылардың бай мұрасы және шығармашылығы зерттеулеріндегі тұжымдар сараланады. Ұлт әдебиетінің тарихы тың тұжырымдармен нақтыланып, әдеби- теориялық аспектіде қарастырады. Қазақ әдебиетінің тарихы, орта ғасырлық, көне дәуір әдебиеттері туралы жан-жақты мәлімет беріледі. Әдебиет тарихын дәуірлеу сатылай кешенді талдау, тарихи-салыстырмалы, тарихи талдау арқылы талданады.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын әдебиет тарихын дәуірлеу туралы әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін саралап таныту. Хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану

ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде магистранттарға барынша толық, тиянақты білім беру.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON4 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері жайында жүйелі білім беру мақсатын көздейді.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

білу:

- әдебиет тарихын дәуірлеуді;

-тарих пен әдебиет сабақтастығын;

- ежелгі дәуірден бергі қазақ әдебиетінің дамуын;

орындай алу:

-Әдебиет тарихын дәуірлеудің хронологиялық жүйесін, ғылыми негіздерін толықтай біледі..

-әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін;

дағдысының болуы:

- әдебиет өкілдерінің шығармашылығына баға беруге дағдыланады;

- әдебиет өкілдерінің шығармашылығына сараптама жасауға дағдыланады;

- ғылыми зерттеу жұмысын жасауға дағдыланады.;

- көркем шығармаларды талдай оқып, салыстыра зерттеуге дағдыланады.

### **Пререквизиттер**

Бакалавриат

### **Постреквизиттер**

Әуезов және әдебиеттану мәселелері Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

## **Қазіргі қазақ әдебиетін дәуірлеу**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс барысында әдебиет тарихын зерттей отырып, стиль, ағым, бағыт, әдеби мектепке назар аударып, сол кезеңнің әдеби өміріндегі басты тенденцияны анықтайды. Әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты ғылыми еңбектермен, тәжірибелерді жүйелі саралап, бағыттар мен көркемдік әдістерді, дәстүрмен жаңашылдықтың, әдебиеттің даму үрдісіне ықпалын жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығы арқылы меңгереді. Қазақ әдебиеттану ғылымын бүгінгі кезең талабында қарастырып, шығармашылық қырларының зерттелуіндегі тұжырымдарды нақтылап түсінеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазіргі әдебиеттану ғылымының бағыт-бағдарына, өкілдерінің шығармашылығына сыни баға беруге қалыптастыру

### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON4 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері жайында жүйелі білім беру мақсатын көздейді.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Қазіргі әдебиеттану ғылымының бағыт-бағдарына, өкілдерінің шығармашылығына сыни баға беруге қалыптасады.

### **Пререквизиттер**

Бакалавриат

### **Постреквизиттер**

Әуезов және әдебиеттану мәселелері Әдеби ағымдар мен бағыттар Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

## **Қазақ тілінің тарихи грамматикасы**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының дамуын тарихи- салыстырмалы әдісі негізінде жан- жақты қарастырады. Зерттеу көздеріне сүйеніп, сөздердің грамматикалық түрлерге топтастырылу тарихы, грамматикалық категориялардың

даму жолдары мен дыбыстық жүйеде болған тарихи өзгерістерді, оның тілдегі лексикалық қорға, грамматикалық құрлысына әсерін игертеді. Көне түркі мәтіндеріне тілдік тұрғыда тарихи талдау жасайды, қазақ тіліндегі қазіргі шығармаларды толық талдайды.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ тілінің барлық салаларының даму заңдылықтары мен өзгеру бағдарларын айқындап, Қазақ тілі тарихының мәселелері туралы білім және оларға талдау жасау

### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON5 Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың ролі мен маңызын меңгеру

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

Қазақ тілінің барлық салаларының даму заңдылықтары мен өзгеру бағдарларын айқындай алады. Қазақ тілі тарихының мәселелері туралы білім және оларға талдау жасау дағдыларын қалыптастырады

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Қазақ тілінің академиялық грамматикасы Зерттеу практикасы

## Грамматика теориясының негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақ тілінің грамматикалық құрылымының жүйесі, оның басқа тілдік деңгейлермен өзара байланысы, негізгі грамматикалық бірліктер мен ұғымдарды тіл білімі теориясы тұрғысынан қарастырады. Морфем мен сөз, сөз тіркесі мен сөйлемнің лингвистикалық

табиғаты, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын, грамматикалық категориялардың сөз таптарына қатысын таныстыру.

Грамматика теориясының ұғымдық аппаратын, негізгі грамматикалық теорияларды, грамматикалық талдаудың негіздерін игерту. Тілдік материалды сауатты талдауға дағдыландырады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың рөлі мен маңызы; қазақ тілінің грамматикалық деңгейін зерттеудегі жаңа теориялық заңдылықтар және олардың ерекшеліктері жөнінде мағлұмат беру.

Пән бойынша ғылыми ақпараттар мен ұстанымдар, ғылыми – теориялық мәселелерді талдау, ғылыми концепциялары айқындау, нақты түсінік пен білім қалыптастыру. Оның даму бағыттары, тенденцияларын сараптау, қазіргі қазақ грамматикасының алдында тұрған міндеттер, өзекті мәселелерді қарастыру.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON5 Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың ролі мен маңызын меңгеру

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Грамматиканы зерттеудегі теориялық тұжырымдардың концепциялық табиғатын түсінеді. Пән бойынша теориялық білімді практика жүзінде сауатты қолдана алады.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Когнитивті лингвистика

## Функционалды грамматика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс функционалды грамматиканың басты ұғымдары мен категориялары, аспектілері жайлы мағлұмат береді. Дәстүрлі құрылымдық

жүйе мен функционалды грамматиканың өзара сабақтастығын түсіндіреді. Оның белгілі бір семантикалық категорияларға жіктелген тілдік бірліктер, категориялар, құбылыстарды топтастыратын

жүйе екендігіне көз жеткізіп, ғылыми

тұжырым жасауға машықтандыру. Тіл білімі теориясында лингвистикалық талдаудың құрылымдық- жүйелік аспектілерін

коммуникативті-функционалды аспектілермен бірлікте қарастыру дағдысына ие болады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Магистранттарды функционалдық грамматиканың негізгі терминдері мен ұғымдарымен, теориялық- методологиялық негіздерімен, функционалды лингвистиканың негізгі ғылыми мектептері, функционалды грамматиканың зерттеу нысаны, негізгі принциптері жайлы түсіндіре келе, функционалды-семантикалық өріс теориясы, оның сипаты мен құрылымы туралы, дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканың арақатынасы жайлы қарастыру

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON5 Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың ролі мен маңызын меңгеру

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Тіл бірліктерін функционалды грамматика жүйесінде қарастырған ғылыми ой- пікірлерге талдау жасау дағдысын қалыптастырады.

### Пререквизиттер

Бакалавриат

### Постреквизиттер

Қазақ тілінің академиялық грамматикасы Зерттеу практикасы

## Әдебиетті жоғары мектепте оқыту мәселелері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
-----------	-------------------

Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының және тәжірибесінің қазіргі жағдайын меңгертеді. Оқытудың ауызекі әдістері, көрнекілік, практикалық әдістер, аналитикалық ойлау жүйесі тәрізді әдістемелердің ғылыми негіздемесін игереді. Әдебиеттік білімді саралап,

жаңа бағдарламаны қарастырады, тұжырымдамалар негізінде талдау жасайды, базалық білім бағдарламаларын деңгейлеп сараптама жасауға үйренеді.

Қазақ әдебиетінің жалпы орны мен негізгі ерекшеліктерін ажыратады.

Қазақ әдебиетінен берілетін ғылыми материалдың эмпириалдық деңгейден теориялық деңгейге қарай ұласу жолдарын қарастырады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

магистранттарға қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін меңгерту; қазақ әдебиетін оқыту жүйесінің мәселелерін талдап көрсету

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

қазақ әдебиетінің жалпы орны мен ерекшеліктерін байланыстыра білу құзыреттілігі;

қазақ әдебиетінен берілетін ғылыми материалдың эмпириалдық деңгейде қалып қоймай, оның теориялық деңгейге қарай ұласу жолдарын тану мен ұйымдастыра алу құзыреттілігі;

### **Пререквизиттер**

Жоғары мектептің педагогикасы

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

## **Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесінің тарихы**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан, жан- жақты жетілген, теориялық білімі мен практикалық дағдысы жетілген маман даярлайды. Әдістеме ғылымындағы жаңышылдықтарға талдау жасап, тиімді қолдануды үйренеді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгереді. Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытуды қатысымдық-танымдық тұрғыдан талдап көрсетеді. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдануды үйрету. Дидактика мен инновациялық технологияларды тиімді қолдануға баулиды.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқыту әдістемесінің методологиялық- теориялық негіздерін қарастыру. Әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихына талдау жасау.

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Қазақ әдебиетін оқытудың методологиялық-теориялық негіздерін меңгереді.

Әдістеме ғылымындағы жаңышылдықтарға талдау жасап, тиімді қолданады.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихын саралайды.

### **Пререквизиттер**

Жоғары мектептің педагогикасы

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

## **Әдебиетті жоғары мектепте оқытудың әдістемесі**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс барысында әдебиет пәнін оқытудың тарихы мен теориялық ұғымдары оқытылады. Әдебиетті оқыту барысындағы амал- тәсілдер, қолданылатын әдістерді меңгертеді. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай талдауға үйретеді. Сабақ жоспарын жасау тәжірибесін меңгертеді. Теориялық білімді практикада жүзеге асыруды үйретеді. Оқытудың әдісі - лекцияның құрылымын, логикасын, жоспарын, әдебиеттердің берілуін, жаңа терминдерді, дәлелділігі, негізгі ойлар мен қорытындыларды,

оларды ажырата білу, жекеленген жазбаларды, тірек конспектiлердi қолдануды үйретедi.

#### **Пәндi оқыту мақсаты**

Әдебиеттi жоғары мектепте оқытудың теориялық, әдiснамалық негiздерiн қарастыру. Әдебиеттi оқытудың тиiмдi әдiс-тәсiлдерiне талдау жасау. Әдебиет пәнi оқытушысының жұмыс жоспарына, оқу-әдiстемелiк кешенге талдау жасау

#### **Оқыту нәтижелерi**

ON2 Жоғарғы кәсiби бiлiм проблемаларын және оның болашақ өркендеуiн шешу

ON3 Ғылыми- зерттеудi және ғылыми- педагогикалық iстердi ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерiн бiлу

ON7 Кәсiби бiлiктi маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажеттi кәсiптiк теориялық бiлiм мен тиiстi практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелерi**

ON2 Жоғары кәсiби бiлiм проблемаларын және оның болашақ өркендеуiн шешу;

ON3 Ғылыми- зерттеудi және ғылыми- педагогикалық iстердi ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерiн бiлу;

ON7 Кәсiби бiлiктi маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажеттi кәсiптiк теориялық бiлiм мен тиiстi практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

Әдебиеттi жоғары мектепте оқытудың теориялық, әдiснамалық негiздерiн бiледi. Әдебиеттi оқытудың тиiмдi әдiс-тәсiлдерiне талдау жасайды. Теориялық бiлiмдi практикада жүзеге асыра алады. Көркем шығарманы жанрлық ерекшелiктерiне қарай талдайды.

#### **Пререквизиттер**

Жоғары мектептiң педагогикасы

#### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика

### **Әуезов және түркі әдебиеттану мәселелері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Мұхтар Әуезовтің ұстанған басты арнасының бірі – түркі халықтарының әдебиеті. Түркі халықтары әдебиетінен алған әсерлерін

оның шығармаларынан көптеп кездестіреміз. Түркі әдебиетінің ірі өкілдері мұраларын Мұхтар Әуезов шығармаларымен салыстыра,

байланыстыра қарастыру. «Манас», «Қараш- қараш» шығармаларын және Шыңғыс Айтматовтың «Жан пиди» романындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау. Түркі халықтары әдебиетінде Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларын оқу, талдау арқылы меңгерту.

#### **Пәндi оқыту мақсаты**

Түркі елдері ғалымдарының ғылыми тұжырымдарымен М. Әуезовтің ғылыми байламдарындағы үндестік пен ерекшеліктерді саралау, түйінді ой айту құзіреттілігін қалыптастыру

#### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Қазіргі түркі халықтары әдебиеті тарихының дамуы мен олардығы әдеби процесс жүйесіне талдау жасауға үйрену.

ON7 Кәсiби бiлiктi маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажеттi кәсiптiк теориялық бiлiм мен тиiстi практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Түркі елдері ғалымдарының ғылыми тұжырымдарымен М. Әуезовтің ғылыми байламдарындағы үндестік пен ерекшеліктерді саралау, түйінді ой айту құзіреттілігі қалыптасады.

#### **Пререквизиттер**

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

#### **Постреквизиттер**

Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы

### **Қазіргі түркі халықтарының әдебиеті**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс түркі халықтарының әдебиеті тарихының даму сатысы мен қалыптасу кезеңдерін қарастырады. Түркі халықтарына ортақ тарихи бейнелер туралы көркем туындылардың тақырыбы мен идеясы, жанрлық ерекшеліктерін меңгереді. Кейіпкер психологиясындағы ұлттық колорит, көркем туындылардағы бейнелердің ортақ түркілік сипатының тарихи-типологиялық ерекшеліктерін түсіндіреді.

Салыстырмалы- типологиялық зерттеулер және теориялық ұғымдардың ортақ түркілік ерекшеліктерін анықтай алатын зерттеушілік құзіреттілігі дамиды.

#### **Пәндi оқыту мақсаты**

Салыстырмалы- типологиялық зерттеулер және теориялық ұғымдардың ортақ түркілік ерекшеліктерін анықтай алатын зерттеушілік құзіреттілік дамыту.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Қазіргі түркі халықтары әдебиеті тарихының дамуы мен олардығы әдеби процесс жүйесіне талдау жасауға үйрену.



ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Салыстырмалы- типологиялық зерттеулер және теориялық ұғымдардың ортақ түркілік ерекшеліктерін анықтай алатын зерттеушілік құзіреттілігі дамиды.

### **Пререквизиттер**

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

### **Постреквизиттер**

Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы

## **Түркі халықтарының фольклоры мен әдебиетінің типологиясы**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Фольклордың қалыптасуындағы архетиптік бейнелердің ортақтық сипаты, жалпы түркілік мифологиялық көркем бейнелердің қалыптасу және қазіргі түркілік ұлттардың мәдениетіндегі алатын орнын анықтайды. Фольклор тарихын зерттеудегі әлемдік және түркілік ғалымдардың зерттеу принциптерінің салғастырмалы талдау жұмыстарын жасайды. Түркі халықтарының әдебиет тарихын дәуірлеуіндегі типологиялық ерекшеліктерге зерттеу жүргізеді. Қырғыз, өзбек, татар, түркімен, түрік, ұйғыр, әзірбайжан, башқұрт әдебиетінің әр алуан жанрдағы үлгілерін, тарихи-салыстырмалы әдіспен меңгереді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Салыстырмалы типологиялық зерттеулер жүргізу және түркі халықтары фольклоры мен әдебиет тарихының ортақ мұраларына сараптама жасай отырып тұжырымдар жасау құзіреттілігін игеру

### **Оқыту нәтижелері**

ON6 Қазіргі түркі халықтары әдебиеті тарихының дамуы мен олардығы әдеби процесс жүйесіне талдау жасауға үйрену.

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Салыстырмалы типологиялық зерттеулер жүргізу және түркі халықтары фольклоры мен әдебиет тарихының ортақ мұраларына сараптама жасай отырып тұжырымдар жасау құзіреттілігі игеріледі.

### **Пререквизиттер**

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

### **Постреквизиттер**

Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы

## **Тілді туыстас тілдермен байланыстыра отырып оқыту**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән барысында мәдениетаралық және кәсіби коммуникативтік біліктілік қалыптасады. Оқыту барысында туыстас тілдердегі шағын әдеби шығармалары, әңгіме, эссе, новелла, публицистикалық, көркем мәтіндерін, деректі және көркем фильмдерін, тарихи материалдарын қолданады. Туыстас тілдердің интернационалдық терминдері мен терминологиялық атауларын тәжірибеде қолдануға үйренеді. Туыстас тілдер ерекшеліктерін анықтайды. Туыстас тілдердің ерекшеліктерін талдай отырып, өзара байланысын анықтауға дағдыланады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Туыстас тілдердің, интернационалдық терминдер мен терминологиялық атаулардың әлемдік тәжірибесін қолдану.

Туыстас тілдер ерекшеліктерін анықтау.

Туыстас тілдердің ерекшеліктерін сипаттай отырып, өзара байланыстарын анықтауға дағдылану.

### **Оқыту нәтижелері**

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Тілді туыстас тілдермен байланыстыра отырып оқыту құзыреті

### **Пререквизиттер**

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика Зерттеу практикасы

## **Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесінің тарихы**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны, методологиялық-теориялық негіздері туралы мәлімет береді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихы, даму жолдарын игереді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің бүгінгі жағдайы, болашақ міндеттері, шешімін тапқан және шешілмеген негізгі мәселелер бойынша толық білім беріліп, тиімділігі жоғары әдістерді қолдану дағдысын қалыптастырады. Әдістемелік бағыттардың басты нысаны, мәселесі, өзіне тән ерекшелігі, әдістеме ғылымының даму тарихы талданады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

магистранттарға қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін, оқыту тарихын меңгерту

### **Оқыту нәтижелері**

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

қазақ тілін оқыту әдістемесінің даму тарихына қатысты алған білімдерін тәжірибде қолдана алуға құзыретті болады

### **Пререквизиттер**

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика Зерттеу практикасы

## **Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Курс тілді жоғары мектепте оқытуда оқытушы әдеби, сөйлеу мәнері мен мәдениеті, әдеби тіл қалпын сақтау ережелерін игертеді. Пән магистранттың болашақ мамандағына қажетті теориялық және тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады.

Кәсіби теориялық білім мен тәжірибелік әдістемелік дағдыларды қалыптастырады. Білім берудің жаңашыл әдістерін оқу үрдісінде тиімді қолдануды үйренеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық және әдістемелік негізін меңгертеді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тілді жоғары мектепте оқыту жолдарын, қағидаларын түсіндіру.

Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.

### **Оқыту нәтижелері**

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

- жоғары мектепте білім берудің әр кезеңінде тілді оқытудың мақсат-міндеттерін анықтай алу іскерлігі ;

- әрбір қазақ тілі сабағының білімдік, тәрбиелік, дамытушылық потенциалын мүмкіндігінше жүзеге асыру жолдарын тану іскерлігі;

- қазақ тілінің жалпы тілдер жүйесіндегі, түркі тілдер жүйесіндегі өзіндік орны мен ерекшеліктерін байланыстыра оқыту іскерлігі ;

- қазақ тілінен берілетін ғылыми материалдың эмпириалдық деңгейде қалып қоймай, оның теориялық деңгейге қарай ұласу жолдарын тану мен ұйымдастыра алу іскерлігі;

- оқыту технологиясын бірізді және орынды қолдана білу, әр сабақты ғылыми тұрғыдан талдап сараптай білут.б. іскерлік дағдыларды меңгерулері тиіс.

### **Пререквизиттер**

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

### **Постреквизиттер**

Педагогикалық практика Зерттеу практикасы

## **Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән барысында әдеби ағымдардың қалыптасу тарихының кезеңдері, бүгінгі табыстары, жаңа әдеби бағыттардың даму жолдары, әдеби ағымдардың қалыптасу тарихының өзекті мәселелері, жаңа әдеби бағыттың даму кезеңін меңгереді. Жаңа әдеби бағыттардың қалыптасуына үлес қосқан зерттеушілердің жаңа әдеби бағыттардың постструктурализмдік, неомифологизмдік, постмодернистік,

феминистік, мифопоэтикалық, герменевтикалық дәстүр т.б. жетістіктері мен ізденістерін, қазіргі әдебиеттанудағы негізгі мәселелерді игереді.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Әдебиет теориясындағы әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы сараланып оқытылады. Әдеби ағым қалыптасудың алғышарттары мен әдеби бағыттың пайда болуы. Әдеби ағым негізінде қалыптасатын көркем әдебиет әдістері тураплы терең білім беріледі.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

- әдеби мектептер, әдеби бағыттар мен ағымдар туралы біледі;
- әдебиеттің даму заңдарын, әдебиеттік әдіснама, бағыт пен ағым туралы өз ойын білдіре алады;
- әдебиет тектері (жанр), оның түрлері, көркем шығарманың композициясы, тілі, өзіне тән ерекшеліктері, өлең құрылысы бойынша әдеби талдаулар жасай алады.
- Берілген көркем мәтінге толық әдеби талдау жасау дағдысы.

### Пререквизиттер

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Әдеби ағымдар мен бағыттар

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Әдеби ағымдар мен бағыттардың әдебиеттану ғылымындағы өзекті және күрделі мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. Әдебиеттің даму ерекшелігі, көркемдік таным арнасы ағымдар мен бағыттар, әдіс мәселесімен танысады. Бағыт пен ағым мәселелерін жан-жақты талқылап, терең зерттеуді үйренеді. Әдебиеттану ғылымының тарихындағы танымал ағымдармен таныстыру. Әдебиет теориясының даму заңдылығын меңгерту. Орта ғасырлық символизм, қайта өрлеу кезеңіндегі реализм, модернизм, постмодернизм ағымдарында жазылған көркем шығармаларды талдауға баулиды.

### Пәнді оқыту мақсаты

Әдебиеттану ғылымында қалыптасқан әдеби бағыттар мен әдеби ағымдар, олардың ұстанған концепцияларымен жан-жақты таныстыра отырып, теориялық ерекшеліктері жайлы жан-жақты білім беру

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Әдебиеттану ғылымында қалыптасқан әдеби бағыттар мен әдеби ағымдар, олардың ұстанған концепцияларын, теориялық ерекшеліктерін біледі.

### Пререквизиттер

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

XX – XXI ғасырлардағы әлем және қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттар бойынша мәлімет беру. Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар мәдени-психологиялық бағыттың ерекшелігін, қағидаларын авторлық ракурс тұрғысынан қарастыру. Мәтін теориясы мен поэтикасы бағыттары бойынша мәтін жайлы көзқарастарды суреткер тұлғасы туралы ғылыми-теориялық ұғымдарды түсіндіру. Психоаналитикалық, стуктурализм, постструктурализм, конструктивизм, деконструктивизм, герменевтика, компаративистік, философиялық-эстетикалық, семиотикалық, әдеби-когнитологиялық, әдеби-антропологиялық, психопоэтикалық т.б. жаңа бағыттарды меңгерту.

### Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттарының әдеби даму жолдарының қыр-сырын аңғару, талдау процесімен тікелей байланысты болғандықтан туу және қалыптасу кезеңдерін әдебиет пен тіл тарихына жанастыра көрсету. Қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі күні қол жеткізген жеткізген табыстары негізінде барынша толық, тиянақты білім беру

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Әлем және қазақ әдебиеттануындағы жаңа бағыттар бойынша мәлімет алады.

Әлемдік, отандық әдебиеттану ғылымы дамуындағы тұжырымдар мен концепцияларды сыни тұрғыдан қарастырып, меңгереді

### Пререквизиттер

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Қазақ тілінің академиялық грамматикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақ тілінің бүкіл грамматикалық құрылысын, оның бар деңгейінің теориялық мәселелерін бірге қарастырып, фонетика, сөзжасам, морфология және синтаксис салаларының қазіргі теориялық мәселелері жайлы мағлұмат алады. Грамматикалық ілімнің теориялық дамуындағы жаңарулар негізінде қазақ тіл білімі салаларының қазіргі қалпы туралы неғұрлым жан-жақты түсінік қалыптасады. Қазақ тілі академиялық грамматикасының бөлімдері саналатын морфология және синтаксис салаларына қатысты көзқарастарды талдап, саралай біледі.

### Пәнді оқыту мақсаты

Тіл білімі туралы ғылыми әдебиеттер, ғылыми мақалалар, ғылыми саладағы тілдің функционалдық және құрылымдық жүйесі туралы, сөздің грамматикалық мағыналары, грамматикалық категориялар туралы ақпараттар беру.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Қазақ тілінің грамматикалық қатарын, тілдік қызметі жағынан грамматиканың басқа жүйелерінің бірлігіне қатысу сипатын оқып игереді.

Тіл білімі салалары жөнінде теориялық білімін жетілдіреді.

Тілдік қызметі жағынан грамматиканың басқа жүйелерінің бірлігіне қатысу сипатын практикада қолдана білуге дағдыланады.

### Пререквизиттер

Грамматика теориясының негіздері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Коммуникативті грамматика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Коммуникативтік мәдениет және грамматикалық құрылымдардың рөлі туралы түсінік қалыптастырады. Қазақ тілі грамматикасын оқытудағы қатысымдық әдістің тиімділігіне тоқталады. Әр түрлі мәтіндерді мазмұндап, баяндай алады, ғылыми- анықтамалық әдебиеттерді оқиды және керегін таңдайды. Игерген білімді пайдалана алу қабілеті болады. Материалды

тілдік, әдеби негізде, қарым-қатынаста сұрыптай алуға дағдыланады. Ана тіліндегі тілдік қатынастың ортологиялық, стильдік және риторикалық негізін біледі.

### Пәнді оқыту мақсаты

Коммуникативті грамматиканың бірліктерін, тілдің формальды мағыналық құрылымы мен сөздегі грамматикалық бірліктерін оқыту

### Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Сөйлеу әрекетіндегі тілді, оның қолданылуын, сол арқылы тіл жүйесінде алар орнын белгілейді.

Сөйлем моделінің парадигматикасы мен мәтіннің құрылымындағы орнын айқындауға дағдыланады.

### Пререквизиттер

Грамматика теориясының негіздері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Теориялық грамматика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тіл жүйесінің қазіргі даму тенденцияларын, грамматикалық құбылыстың аспектісі мен екі негізгі бөлімі морфология және синтаксис жайлы мағлұмат алады. Теориялық тұжырымдар мен өзіндік қорытынды жасау қабілеті дамиды. Ауызша және жазбаша сөйлеудің қажетті дағдыларын игерту. Кәсіби қызметті жетілдіру үшін алынған ақпаратты талдай алуға үйрету. Оқытылатын тілдің әдеби нормада сөйлеуге және осы білімді қарым-қатынаста және кәсіби қызметтерінде қолдана алуға дағдыланады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Тіл жүйесінің қазіргі даму тенденцияларын, теориялық жалпылау және өзіндік қорытынды жасау қабілетін дамыту, теориялық материалды таныстыру, педагогикалық дағдыларын жетілдіру мәселелерін қарастыру

### Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON9 Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастардың теориялық мәселелерін, заңдылықтарын игеру.

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Грамматикалық теория мәселелерін айқындайды. Тілдік қызметі жағынан грамматиканың басқа жүйелерінің бірлігіне қатысу сипатын практикада қолдана білуге дағдыланады.

Сөздердің бір-бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін игереді.

### Пререквизиттер

Грамматика теориясының негіздері

### Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

## Когнитивті лингвистика

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Лингвокогнитивтік зерттеулердің теориялық тұжырымдары, қалыптасуы мен басты бағыттары жайлы қарастырады. Когнитивтік лингвистикаға қатысты ұғымдарды және метатіл түсініктерін игерту. Танымдық аспектіге қатысты ғылыми еңбекті, концептуалды пікірді, көзқарасты талдай білуге дағдыланады. Қазақтың тілтанымдық теориясының концептуалдық жүйесін және когнитивтік парадигмасын тіл білімінің ұлттық сипатын танытатын, сонымен бірге әлемдік қордың негізгі ғылыми арнасын құратын қағида тізбегі ретінде анықтап, талдау жасауға үйренеді.

### Пәнді оқыту мақсаты

Болашақ тілші мамандарды когнитивті лингвистика ғылымының теориялық негіздерімен қаруландыру, келешекте тілді этнос болмысымен сабақтастыра зерттейтін ғылыми жұмыспен шұғылдануға, шығармашылық қабілеттерін ұштауға біліктіліктерін шыңдауға қажет тың ғылыми дерек көздерімен таныстыру.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

Тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгерту біледі. Концепт ұғымы, концепт және концептуалдық құрылым, тілдік тұлға, дүниенің тілдік бейнесі, концептуалды метафора, танымдық фразеологизмдер, соның ішінде, этнографиялық фразеологизмдердің когнитивтік аспектісі, тілдің танымдық құрылымының мифтік негіздерін қарастырады. Тілдің танымдық теориясы мен танымдық қызметін зерттеп, адамзат білімінің түзілуі мен оның қызмет болмысын қарастырады.

### Пререквизиттер

Грамматика теориясының негіздері Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастар

### Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

## Лингвистиканың жалпы теориясы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тіл ғылымы дамуының негізгі кезеңдері мен олардың ұлттық дәстүрлердің қалыптасуына қосқан үлесін сипаттайды.

Әр түрлі лингвистикалық бағыт пен ғылыми мектептің философиялық негізін түсіндіреді. Тілді ғылыми тұрғыда зерттеуге

орай әдістемелік және теориялық көзқарасты сараптай алуға баулиды. Лингвистика ғылымының қалыптасуының негізгі заңдылықтарын, эволюциясын, парадигмаларын зерделейді. Лингвистикадағы салыстырмалы, контрастивті, компоненттік, типологиялық, дистрибутивтік, валенттілік, трансформациялық, құрылымдық әдіс- тәсілдерге кеңінен тоқталып түсіндіреді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Магистранттардың жалпы лингвистикалық даярлығын тереңдету, тіл теориясы мен лингвистикалық талдау әдістері тұрғысындағы аса маңызды мәселелер бойынша білімді игерту. Қазіргі тіл теориясының негізгі тұжырымдарымен, тіл білімінің даму тарихымен, неғұрлым маңызды кезеңдермен, бағыттармен таныстыру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON9 Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастардың теориялық мәселелерін, заңдылықтарын игеру.

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Лингвистикалық ойлау жүйесінің қалыптасуында жалпылаушы әдістемелік сипатқа ие тілдің табиғаты мен мәні, тіл және тілдік бірліктердің таңбалық сипаты, тілдің дамуы тіл және қоғам, тіл және басқа да қарым-қатынас құралдарының арақатынасын біледі.

#### **Пререквизиттер**

Грамматика теориясының негіздері

#### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау

### **Психолингвистика**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Тілді психикалық құбылыс ретінде тани отырып, әлеуметтік- мәдени қарым- қатынасқа бейім тұлғаның сөйлеу механизмін лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлармен байланыстыра отырып, тілдің функционалдық ерекшеліктерін қарастырады. Тіл фактілерін тіл білімі және психолингвистика ұстанымдары тұрғысынан талдауға дағдыланады. Психолингвистикалық талдау әдіснамасын және практикалық іскерліктерді игереді. Ғылым және білім беру қызметі салаларында психолингвистиканың жетістіктерін қолдануға үйренеді.

#### **Пәнді оқыту мақсаты**

Тіл мен сананың, тіл мен тұлғаның өзара әрекеттесуін, сөйлеуді қалыптастыру мен қабылдаудың негізінде қандай психикалық процестер жататындығын, адамның санасына тіл қалай әсер етеді, неге тіл адамның сөйлеуі мен сөйлеуден тыс мінез-құлықты басқарудың күшті құралы болып табылатындығын зерттейтін ғылым екендігіне қатысты магистранттардың осы саладағы білім пен дағдыларын қалыптастыру.

#### **Оқыту нәтижелері**

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON10 Сөйлеу актілерінің теориясында бүгін семантикалық бағдарланған және прагматикалық ағымдар мен жаңа бағыттарды білу.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

#### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

Негізгі ұғымдарды және қазіргі тіл білімінің категорияларды, психолингвистикалық теорияларды, психолингвистикалық талдау әдістерін, тіл білімінің қолданбалы салаларының әртүрлі практикалық тапсырмаларымен қатар, сөйлеу әрекеті теориясының мәселелері мен міндеттерін шешуде қолданады

#### **Пререквизиттер**

Грамматика теориясының негіздері Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастар

#### **Постреквизиттер**

Қорытынды аттестаттау